

Ортаңғы №2 «Күншуақ» тобының күн тәртібіндегі тәрбие, оқу қызметінің циклограммасы
Ақпан айы, I-апта (01.02-05.02.2021ж.)

Өтпелі тақырып: "Табиғат әлемі."

Апталық тақырып: "Қыс қызықтары "

Мақсаты: Балаларға табиғатта болатын өзгерістер туралы түсінігін молайту. Айналадағы құстар, жануарлар, өсімдіктер туралы білімдерін толықтыру. Табиғатты аялай білуге, қамқор болуға тәрбиелеу.

Міндеті: тірі және өлі табиғат заттары мен құбылыстары, маусымдық өзгерістер, өсімдіктер туралы білімдерін кеңейтуге; жануарлар, жәндіктер мен өсімдіктердің барлық түрлерін сақтаудың қажеттілігі туралы түсініктерін қалыптастыруға.

Күн тәртібі	Уақыты	Дүйсенбі 01.02.2021ж.	Сейсенбі 02.02.2021ж.	Сәрсенбі 03.02.2021ж.	Бейсенбі 04.02.2021ж.	Жұма 05.02.2021ж.
Балаларды қабылдау Ата – аналармен әңгімелесу	8.00-8.40	Ата-аналар мен балалармен амандасу. Балаларды қабылдап, т өлшеу, тазалығын тексеру.				
Ойындар (үстел – үсті, саусақ және т.б)		Дидактикалық ойын: "Бұл қандай түс?" Мақсаты: Балаларға түстерді ажырата білуге үйрету.	Дидактикалық ойын: "Вагондарға дөңгелек таңдау" Мақсаты: Геометриялық пішіндерді ажыратуға, қасиеттерін білуге жаттықтыру, ойлау қабілеттерін дамыту.	Санамақты үйрету: Мақсаты: Тілдерін жетілдіру, санамақты жаттау, есте сақтау қабілетін жетілдіру.	Дидактикалық ойын: "Қайсысы қандай?" Мақсаты: Жуан, жіңішке, биік, аласа заттарды ажыратуға үйрету. Ойлау қабілетін арттыру.	Саусақ жаттығуы: Сабындадық құлақты, атқан шақта жаңа таң. Міне, қандай қолымыз, міне қандай алақан. Соқтық міне алақан, аяғымыз билейді. Қуанғанда алақан алақанға тимейді
Таңертеңгілік жаттығу		Ертеңгілік жаттығу кешені «Гүлдермен»				
Таңғы ас		Балаларға қолды дұрыс жууға, құрғатып сүртуге үйрету. Таза және ұқыпты тамақтануға қасық, кесе, сүлгіні орынды қолдануға және тамақтану кезінде аузын жауып жеуге үйрету. Балаларға тамақ ішкенде жан – жағына алаңдамай отыруға дағдыландыру. Тамақ ішіп болған соң майлықты				

		қолдандыру.				
Ұйымдастырыған оқу – қызметіне (ҰОҚ) дайындық	8.40-9.15	Дидактикалық ойын:"Желаяқтар мен жәйбасарлар" Мақсаты:Балаларға әр түрлі жануарлар таратылып,оларды дұрыс ажырата білуге үйрету,шапшаңдыққа баулу.	Әңгімелесу:"Менің сүйікті ойыншығым" Мақсаты:Балалардың тілдерін,ой-қиялдарын дамыту	Дидактикалық ойын:"Суретші қай жерде қателесті?" Мақсаты:Балалардың ойлау қабілеттерін дамыту,суреттегі сәйкессіздікті таба білуге үйрету.	Дидактикалық ойын:"Ғажайып қалта" Мақсаты:сезім мүшелері арқылы заттарды ажырата білуге үйрету	Дидактикалық ойын:"Қай пішінге ұқсайды?" Мақсаты:Балалардың зейін қоюшылығын дамыту,түс,пішін айыра білуге үйрету.
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырған оқу қызметтері	9.15-10.20	1."Қатынас" Орыс тілі Тема: «Зима» Цель: Продолжать работу по обогащению и активизации словаря на русском языке, ввести в словарь детей слова о зиме и зимних явлениях в обществе и природе. Развивать устойчивость внимания, словесно-логическое мышление. Воспитывать чувство слова, интерес к занятиям. 2."Таным". Математика негіздері Тақырыбы. «Қысқы ойындар» Мақсаты: Балаларды жаңа геометриялық пішін үшбұрышпен таныстыру. Пішінді сезу, қозғалыс жолдарымен зерттеуде жаттықтыру. Заттардың пішіндерін	2."Денсаулық" Дене шынықтыру Тақырыбы: «Қыс кереметі» Мақсаты: Қыс мезгілінің ерекшеліктерін түсіндіру. Көлбеу қойылған саты бойымен қырындап өрмелеу. Тіреуштің жоғары алаңы бойымен жүруде денесін дұрыс қалыпты тепе-теңдікті сақтай білуін бекіту. 3."Шығармашылық" Музыка Тақырыбы: «Қыс күні» (Ж. Мұхамеджанова) Мақсаты: Қыс қызығы туралы айтып, қыс туралы ән үйрету.Музыканы тыңдап, сезініп, қуана білуге үйрету.	1. "Денсаулық" Дене шынықтыру. Тақырыбы: «Қар жинаймыз» Мақсаты: Қар түсі жөнінде,оның ерекшелігін түсіндіру. Табанды бұғу және орындықтан секіріп, жартылай бүгілген аяқпен түсуді үйретуді жалғастыру, көлбеу қойылған саты бойымен өрмелеуді үйрету. 2. "Таным". Жаратылыстану Тақырыбы: «Қыс мезгілі тамаша!» Мақсаты: Балаларға қыс мезгілінің, ауа-райының, адамдардың киімдерінде қарапайым табиғи өзгерістерді байқауға үйрету, қыста табиғатта болатын құбылыстар жайлы түсінігін кеңейту. Танымдық сипатта сұрақтар қою және қоршаған табиғатқа	2."Денсаулық" Дене шынықтыру «Кішкентай гномдар қонақта» Мақсаты: Тіреуштің жоғары алаңы бойымен жүруде денесін дұрыс қалыпты тепе-теңдікті сақтай білуін бекіту. Көлбеу қойылған саты бойымен өрмелеу. 1."Шығармашылық Музыка «Кішкентай гномдар қонақта» Мақсаты: Тіреуштің жоғары алаңы бойымен жүруде денесін дұрыс қалыпты тепе-теңдікті сақтай білуін бекіту. Көлбеу қойылған саты бойымен өрмелеу.	1."Қатынас" Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Көңілді қыс» Мақсаты: Балаларға қыс мезгілі жайында мазмұнды суреттерді қарастыра отырып, қысқы ауа райының құбылыстары жайлы түсінік беру. Табиғатты бақылап, өзгерістерді байқай білуге үйрету. Сурет бойынша әңгімелеуде байланыстырып сөйлеулерін дамыту. Табиғатты сүйе білуге тәрбиелеу. 1."Таным". Құрастыру. Тақырыбы: «Аққала» Мақсаты: Балаларға қыс мезгілі туралы түсінік беру, әртүрлі көлемдегі дөңгелектерден кеңістікті дұрыс пайдалана отырып,

алма-қандай пішінде, шырша қандай пішінді және т.б анықтауды бекіту.
Әдіс-тәсіл:
1.Амандасу.
2.Әуе шармен хат келеді.Ішінде Машадан тапсырмалар бар екен.Өзі тапсырмаларды шеше алмағасын біздерге жіберді.
3.1-тап:"Үшбұрыш қандай болады?"
2-тап:Бірнеше сурет беріледі.Олар қандай пішінге ұқсайтынын табу керек.
4.Сергіту сәті.
5.3-тап:дидактикалық ойын:"Үйді құрастырайық"
6.Үйді құрастырып кері ұшатын шарға салып ұшырып жібереміз.
7.Сұрақ-жауап,мадақтау.

қызығушылығын арттыру.
2."Шығармашылық"
Сурет салу
Тақырыбы: «Қар кесегі»
Мақсаты: Балалардың сурет салу іскерлік дағдыларын жетілдіру, бояумен жұмыс істеуге жаттықтыру. Табиғатты сүйе білуге, аялауға, қорғай білуге, ұқыптылыққа, әдемілікке тәрбиелеу.
Әдіс-тәсіл:
1.Амандасу
2. Аяз қысып, өрнек сызып, Терезенді торлайды. Қарға омбығып, бет домбығып, Сырғанап жастар ойнайды.
Бөбектерім айтыңдаршы, Бұл қай кезде болады?
3.Көрнекілік арқылы қыс мезгілімен таныстыру.
4.Сергіту сәті.
5.Гуашьтың көмегімен қардың кесегін салу.
6.Сұрақ-жауап,мадақтау.
7.Қ/ойын:"Қар лақтыру".

пішіндерді орналастыру, құрастыру.
Әдіс-тәсіл:
1. Жұмбақ шешу. Қыста ғана болады, Ұстасаң қолың тоңады. (Қар)
Қолы жоқ, сурет салады, Тісі жоқ, тістеп алады. (Аяз)
2.Көрнекілік арқылы қыс мезгілімен,қыс ойындарымен таныстыру.
3.Д/ойын:Қуыршақты киіндір"
4.Аққаланы құрастыру.
5.Сергіту сәті
6.Сұрақ-жауап,мадақтау.

Серуенге дайындық	10.20-10.40	Киімдерін ретімен киюге үйрету.Киімді дұрыс орнына жинауды жалғастыру,бір-біріне көмектесіп алғыс айтуға тәрбиелеу.									
Серуен	10.40-12.00	1 Жыл мезгілінің өзгеруін бақылау. Мақсаты: Табиғат өзгерістері туралы түсініктерін кеңейту. (қырау, суық соғу). Күн туралы түсініктерін тиянақтау (күн ашық, бірақ жылытпайды) 2.Еңбек: ауланы реттеу. 3.Қимылды ойын: "Ұшты-ұшты" 4.Жеке жұмыс: Айназға тақпағын қайталату. 5.Еркін ойындар	1.Аспанды бақылау. Мақсаты: Ашық болса,көгілдір, күн ашық. Бұлт жапқан болса, аспан көңілсіз, сұр болып тұрады 2.Еңбек: Ойын алаңын реттеу. 3.Қимылдыойын: "Қасқыр мен қоян" 4.Жеке жұмыс: Ақылбекке сөйлем сөздерін айтқызу. 5.Еркін ойындар	1.Көліктерді бақылау: көліктердің пішінін,түсін ажырата білу. 2.Еңбек: Ойын алаңын тазалау. 3.Қимылдыойын: "Поезд" 4.Жеке жұмыс: Нұрасыл мен Бекжаннан пішіндерді сұрау 5.Еркін ойындар.	1.Жердегі қарды бақылау. Мақсаты: Қар мен мұздың ерекшелігін ажырату. 2.Еңбек: Құстарға жем беру. 3.Қимылды ойын: "Жалаушаға жет" 4.Жеке жұмыс: Айзере мен Айбибіге аттарын айтқызып үйрету 5.Еркін ойындар.	1.Аула жинаушы апайдың еңбегін бақылау. Мақсаты: үлкеннің еңбегін бағалауға тәрбиелеу. 2.Еңбек: Ауланы реттеу. 3.Қимылды ойын: "Аю апанында". 4.Жеке жұмыс: Дарынға балалармен бірге ойнауға дағдыландыру 5.Еркін ойындар					
Серуеннен оралу	12.00-12.20	Балаларға сыртқы киімдерін шешіп, сөрелеріне ұқыпты жинауға дағдыландыру. Қолдарын таза жууға үйрету.									
Түскі ас	12.20-13.00	Балаларға тамақтану кезінде тыныш отыруға дағдыландыру. Астарына дәмділік тілеу.									
Түскі ұйқы	13.00-15.10	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау <table border="1" data-bbox="521 1166 2114 1353"> <tr> <td data-bbox="521 1166 846 1353">"Қасқыр мен жеті лақ" ертегісін оқып беру арқылы ұйықтату.</td> <td data-bbox="851 1166 1146 1353">Жәй әуен ырғағымен балаларды ұйқыға жатқызу.</td> <td data-bbox="1151 1166 1485 1353">Балаларға жәйлі жатып,тыныш ұйықтауға,жылы сөз айтып жатқызу.</td> <td data-bbox="1489 1166 1807 1353">"Бауырсақ"ертегісін оқып беру арқылы тәтті ұйқыға жатқызу.</td> <td data-bbox="1812 1166 2114 1353">Балаларды Р. Рымбаеваның «Тентегім» әуені тыңдату арқылы ұйықтату</td> </tr> </table>					"Қасқыр мен жеті лақ" ертегісін оқып беру арқылы ұйықтату.	Жәй әуен ырғағымен балаларды ұйқыға жатқызу.	Балаларға жәйлі жатып,тыныш ұйықтауға,жылы сөз айтып жатқызу.	"Бауырсақ"ертегісін оқып беру арқылы тәтті ұйқыға жатқызу.	Балаларды Р. Рымбаеваның «Тентегім» әуені тыңдату арқылы ұйықтату
"Қасқыр мен жеті лақ" ертегісін оқып беру арқылы ұйықтату.	Жәй әуен ырғағымен балаларды ұйқыға жатқызу.	Балаларға жәйлі жатып,тыныш ұйықтауға,жылы сөз айтып жатқызу.	"Бауырсақ"ертегісін оқып беру арқылы тәтті ұйқыға жатқызу.	Балаларды Р. Рымбаеваның «Тентегім» әуені тыңдату арқылы ұйықтату							
Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынықтыру шаралары	15.10-15.40	Балаларды ұйқыдан оятып,керілу,созылу жаттығуларын жасату.Төсек үстінде қолдарын бастарына қойып кезекпен сол аяқтарын,оң аяқтарын көтеру,екі аяғын бірге ұстап түсіру.									

Бесін ас	15.40-16.10	Балаларды тамақты ұқыпты ішуге дағдыландыру. Балаларға майлықты дұрыс қолдануға үйрету.				
Ойындар, дербес әрекет. Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыстар	16.10-16.30	<p>Вариативтік компонент: "Сиқырлы әлем!" Тақырыбы: "Сәуленің алжапқышы" Мақсаты: Өрнектерді бұрыштарға, шет жақтарға және ортаға орналастыра отырып, шаршы пішінді заттарды безендіруді үйрету. Тік және ирек сызықтарды, нүктелерді таңбаларды салу икемін дамыту. Ұқыптылыққа және шығармашылықпен ойлау білуін тәрбиелеу.</p> <p>Ақылбек пен Бекжанға пішіндерді ажыратуға үйрету.</p>	<p>"Ай дидарлы анашым" атты әнді балалармен қосылып бір-бірінен қалыспай, бірге айтуға үйрету, есте сақтау қабілетін арттыру.</p> <p>Аружанға сөйлеу мәнерінің тәсілдерін (сөйлеу қарқыны, интонация) сақтауды үйрету</p>	<p>Дидактикалық ойын: "Көп және біреу." Мақсаты: көп және біреу қатынастарын білуге, заттардың тең, тең емес топтарын салыстыруға үйрету.</p> <p>Мадина мен Айзереге пішіндерді салыстыруға, аттарын айтып ажыратуға дағдыландыру</p>	<p>Сюжеттік ойын: "Дәрігер". Мақсаты: балаларды әдемілікке, тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Адамдармен сыпайы қарым-қатынас орната білуге үйрету.</p> <p>Нұрасыл мен Аминатқа заттарды, суреттерді қарастыруда, сұрақтарға жауап бере білуге үйрету</p>	<p>Дидактикалық ойын: "Не өзгерді?" Ойынның мақсаты: балалардың есте сақтау қабілеттерін дамыту.</p> <p>Айбибіге сөйлеу мәнерінің тәсілдерін сақтауды үйрету.</p>
Серуенге дайындық	16.30-16.50	Балаларға ішке киетін киімдерін сөрелеріне жинап, сырт киімдерін кигізу.				
Серуен	16.50-17.50	Кешкі ауа-райын бақылау.	Күннің батып жатқанын	Қардың жауғанын бақылау.	Ағаштарды бақылау.	Құстарды бақылау

		<p>Қимылды ойын: "Жалаушаға жет" Мақсаты:Балаларды ұйымшылдыққа, шапшаңдыққа үйрету. Еркін ойындар</p>	<p>бақылау Қимылды ойын: "Қасқыр мен қоян" Мақсаты: Балаларды шашыраңқы жан-жаққа жүгіруге және бір-біріне соғыспауға үйрету. Еркін ойындар</p>	<p>Қимылды ойын: "Қай жерден дыбыс шығады" Мақсаты: Балаларды тәрбиешінің белгісі бойынша қимылдауға, кеңістікте бағдарлау, ептілікке үйрету. Еркін ойындар.</p>	<p>Қимылды ойын: "Мысық пен тышқан" Мақсаты:Балаларды ұйымшылдыққа,шапшаңдыққа үйрету.Ойынды ойын барысында түсіндіру. Еркін ойындар.</p>	<p>Қимылды ойын: "Ұшақ" Мақсаты: Балаларды тәрбиешінің белгісі бойынша қимылдауға, кеңістікте бағдарлау, ептілікке үйрету Еркін ойындар</p>
Серуеннен оралу	17.50-18.00	Аяқ киімдерін кіре беріс жерге шешуге,киімдерін ретімен шешіп,жинап қоюға дағдыландыру.Қолдарын дұрыс жууға үйрету.құрғатып сүртулерін қадағалау.				
Балалардың үйге қайтуы.	18.00-18.30	Ата-аналарға балаларының төлем ақысын төлеуін ескерту.	Ата-аналарға балаларды жылы киіндіруін ескертіп айту.	Ата-аналарға балаларының тәртібі туралы әңгімелесу.	Оқу қызметіне жақсы қатысқан балаларды мадақтау.	Балалардың тазалығы туралы әңгімелесу.